

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№15 (7904)

Жұма
7 сәуір
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Пікір

VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында өзге салалармен қатар, ауыл шаруашылығының да өзекті мәселелері талқыға түсті.

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет. Ашығын айтсақ,

өртаптапандыруға басымдық бере отырып, осы саладағы реформаларға сапалы заңдар қажеттігіне тоқталды.

– Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард теңге бөлінеді. Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті

«Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады

агроөнеркәсіп кешені бұл міндетті толық орындап отырған жоқ. Осы саладағы саясат бірізді емес. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат тиімді жұмсалмайды. Өнім өндіруші мен тұтынушының арасында делдал көп, – деді Президент.

Шынында, мәселенің түп-төркіні осында жатыр. Отандық өндірісті, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайту үшін жергілікті билік кәсіп иелері ұсынған дайын өнімді лайықты бағада сатууды үйлестіру мәселесіне назар аударуы қажет. Жасыратыны жоқ, көбіне өнім өндірушінің талабы ескеріле бермейді. Өнімнің сапасынан гөрі бағасына байланысты шешім қабылданып жатады.

Сондай-ақ, Президент ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейтудің маңыздылығын атап өтті. Өнім көлемін арттыруға және оны

дамыту қажеттігі туралы анық айттым. Бұл – маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады. Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелер беріледі, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл – өрне, үлкен қолдау. Ауылдық жерде жаңадан кәсіп көзін ашуға, сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлердің өз жұмысын одан әрі ұлғайтуына, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға септігі мол. Бір сөзбен айтқанда, ауыл – асыраушы. Сондықтан, тұтынушы талабы артқан сайын өнім сапасы да соған лайықты болуы қажет.

Қ.Қадрберлин,
Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты.

Президент өзекті мәселені көтерді

Кеше өткен VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлжәтін барынша арттыру, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау міндетін қойды. Оған қоса азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру, адам капиталының сапасын барынша арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау мәселелерін ерекше атап айтты. Адам құқығын қорғау жүйесін нығайтуды жалғастыру, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру де алдағы жұмысымыздың басым бағыты болмақ. Барлық іс-шара заң шеңберінде жүзеге асырылуы қажет екендігін тағы бір рет ескертіп, алдағы 5 жылда атқарылатын жұмыстарды пысықтады. Олардың ішінде білім беру сапасын арттыру жұмыстары да бар.

Президент өз сөзінде білім-білігілігі жоғары азаматтар елімізді алға жетелейтінін, сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет екенін баса айтты.

– Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білім деңгейін арттыру үшін бағыл шешім қабылдау қажет. Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатан ереже болмауы керек. Бірақ ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы сессия барысында.

Сондай-ақ, мұғалім тапшылығын сылтау етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа қабылдауға болмайтынын, мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендететінін жеткізді. Осы орайда мұғалім даярлау ісін жетілдіруде нақты шаралар қабылданатынын болады.

Президенттің өз сөзінде алдағы уақытта арнайы бағдарламалар әзірленіп, білім саласын өзгертетін мыңдаған маман арнайы дайындықтан өтетінін тілге тиек етті. Түптеп келгенде, мұның барлығы еліміздің өркендеуіне әсер ететін ең негізгі факторлардың бірі. Себебі, білім сапасы төмен болған жерде ешқашан даму болмайтыны бәрімізге аян.

А.Ахметжанова,
К.Байсейітова атындағы Тірек мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары.

Қазақстан Республикасы Тергеу қызметіне – 60 жыл

Тергеушілер күніне орай спорттық сайыс өтті

Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков Қазақстан Республикасы ІІМ Тергеу саласының құрылғанына 60 жылдық мерейтойына орай сала қызметкерлерін құттықтады.

1963 жылы Кеңес Одағының жарлығымен 6 сәуір «Тергеушілер күні» болып жарияланды. Тергеуші қызметі – қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала. Құқық қорғау органдары еліміздің ірге

Қоғам үшін өте қажет мамандықтың қалыптасуына зор үлесін қосқан ардагерлер мен бүгінгі сала қызметкерлерін мерекемен құттықтаймын, – деп, ауданның ПБ қызметкерлері, полиция



көтеріп, қаз тұра бастаған сәттен бастап, тәуелсіз туын көтерген бүгінгі күнімізге дейін өркеніетті құқықтық мемлекетке жүктелетін міндеттерді атқарып келеді. Соның ішінде тергеуші мамандығы қашан

да шынайылық пен төзімділікті, сауаттылықты, ой ұшқырлығын талап етеді. Әр қылмыстық істің артындағы адам тағдырына деген жауапкершілік үшін ақиқаттың ақ жолынан ауытқымай, қызмет атқару кез келген адамның қолынан келе бермейтіні шындық.

Жыл сайын атаулы күнге орай елімізде ішкі істер органдарының тергеу қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі атап өтіледі.

Сәуір айының алтыншы жұлдызында тергеу қызметіне 60 жыл толуына орай, Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің

майорлары Д.Қадыров, Р.Рақымжановты аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, полиция аға лейтенанты Ә.Нұрлан, полиция лейтенанты Д.Амангелді және полиция капитаны О.Сағадиевты аудан



ұйымдастыруымен спорт кешенінде ішкі істер саласы қызметкерлері арасында шағын футболдан аудандық жарыс өтті.

Шараны ашқан өңір басшысы Р.Айтқенұлы: – Тергеушілер мен анықтаушылардың күнделікті әрі тынымсыз еңбегі шыдамдылықты, сауаттылық пен біліктілікті қажет етеді. Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарымыздың қатары көбейе берсін. Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектері ерэн.

әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданының прокуроры Р.Тобықов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ішкі істер бөлімінің ардагері С.Сыздықов мерекелік лебізін жеткізді.

Ақтоғай аудандық ПБ-нің бастығы, полиция полковнигі Серікбол Спанов өз кезегінде барша мереке иелеріне ақжарма тілегін білдірді.

– Тәуелсіз мемлекет құру жағдайында Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне азаматтардың құқығы мен бостандығын заңсыз қол сұғудан қорғау, қоғамдық

(Жалғасы 2-бетте).

Аудан әкімдігінде

Билік бұқараға жақын болуы керек

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған басым бағыттардың бірі. Иә, бүгінгі күннің басты талабы билік бұқараға жақын болуы керек. Мемлекеттік қызметшілер



халықтың жай-күйіне көңіл бөліп, оларды толғандырған сұрақтарына жауап беріп, алдына келген тұрғынның мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Президент Жолдауында айтылған пікірді, міне, осы екі ауыз сөзге сыйдыруға болады. Бізді қуантағыны, айтылған сөз іс жүзінде де жүзеге асып жатыр.

Сейсенбі күні аудан басшысы Руслан Кенжебеков өзінің жұмыс кестесіне сәйкес, ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Көкейде жүрген мәселелерін тыңдады.

Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі әлдеқайда көмек сұрап, тұрғын үй, жер мәселесіне қатысты сауалдар көтерді. Тұрғын үй кезегіне қатысты сауалмен келген азаматтарға аудан әкімі тұрғын үй беру заң аясында кезек тәртібімен берілетінін баса айтты. Сондай-ақ, ауыл-шаруашылық мақсатта жер алу мәселелеріне қатысты жауапты сала басшыларына тапсырма жүктеді. Қабылдау

соңында аудан әкімі Р.Айтықенұлы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың шешімін жан-жақты қарап, кейбір мәселелерді әкім аппаратының жауапты қызметкерлері мен аудандағы мекеме басшыларының құзырына белгіленген уақыт мерзімінде орындауды қадап тапсырды.

Өз тілшімізден.

Тергеушілер күніне орай спорттық сайыс өтті

(Соңы. Басы 1-бетте).



қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыспен күресу жөнінде жауапты міндеттер жүктелген. Тергеушілер мемлекетімізде заңдылық пен құқық тәртібін нығайту ісіндегі барлық жауапкершілікті түсініп, азаматтардың қауіпсіздігі мен конституциялық құқығын қамтамасыз етуде оң нәтижелерге қол жеткізіп, қиын қызметін абыроймен атқаруда, – деп сөз сабақтаған ПБ басшысы тергеу саласында қызмет атқарған бір топ ардагерлерге «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу қызметіне – 60 жыл» төсбелгісін табыстады. «Ішкі істер органдарының және ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу қызметіне – 60 жыл» төсбелгісімен М.Сатмағанбетов, Ж.Болбақов, Қ.Жанпейісов, Ж.Аққожа, Н.Мұстафин, С.Әмірғасым, Қ.Сейілханов, М.Ыбышев, Н.Өміршекеев, Д.Сәрсембеков, А.Бейсембаев, С.Қалшықенов марапатталды.

Сондай-ақ, бұл күні аталмыш төсбелгі қызметін мінсіз атқарып жүрген бір топ сала үздіктерінің кеудесінде жарқырады.

Мұнан соң құқық қорғау саласы қызметкерлері мен ардагерлері арасында шағын футболдан жарыс басталып кетті. Қызықты да тартысты өткен аяқдоп аламанына жалпы 7 команда қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынды тергеу бөлімі еншілессе, екінші орынға ардагерлер табан тіреді. Өрт сөндіру бөлімі үшінші орынды иеленді.

Д.Бакышев.

Рухани жаңғыру

«ALAU CUP II» пікірсайыс турнирі өтті

«Жастар әрдайым жаңа идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші болып табылады, сондықтан біз жас ұрпақтың осы әлдеқайда дұрыс бағытта бағыттап, оны тиімді пайдалануымыз керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Пікірсайыс жастардың ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлауды және өз ұстанымын білдіруді үйретеді. Сонымен қатар, кез келген жағдайды, проблеманы әртүрлі жағынан талдауға және жаңа идеяларды қабылдауға икемдейді.

Таяуда Ақтоғай ауданына қарасты Шашубай кенті мектебінде «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе отырып, «ALAU» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен «ALAU CUP II» облыстық пікірсайыс турнирі өтті. Ашық пікірсайыс турнирінің мақсаты – жастар қатарынан шешендік шеберлігі бар, өзінің көзқарасын сауатты және нақты қорғай алатын жас көшбасшыларды іздеу және оларға қолдау көрсету, нақты мәселелерді шешу, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, патриотизмді дамыту жұмыстарын кенінен насихаттау.

Пікірсайыс турнирінің ашылу салтанатына аудан әкімі Руслан Кенжебеков, ауданның білім бөлімі басшысы Айдос Қуанышбаев,



кент әкімі Нариман Мангишев қатысты.

– Біздің көрнекті ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген сөзі бар. Расында, біздің елімізге сіздер сияқты белсенді, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу жастар керек. Жастар еліміздің қоғамдық өміріне белсенді түрде араласып, өз ұстанымына берік болып, түрлі идеялар ұсынып, оларды іске асыруға атсалысқаны жөн. Еліміздің болашағы жастардың қолында, – деп сөз сабақтаған аудан басшысы

іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

Облысымызға қарасты аудан, қалалардан турнирге жалпы 24 команда қатысып, жастар бірнеше тақырыпта ой қозғап, пікір таластырып, түйінді мәселелерді шешуде тұщымды ойлар айтты.

Жалпы пікірсайыс турнирі екі іріктеу және финалдық кезеңінде өтті. Білімді жастар арасында өткен сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды Балқаш қаласы әл-Фараби атындағы ЖББ мектебі

«Зиялы қазақ» фракциясы жеңіп алды. 2-орынға Балқаш қаласы №5 ЖББМ «Жас-Star» фракциясы табан тіресе, Шет ауданы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі «Aizim» фракциясы және Ақтоғай ауданы, Тасарал жалпы білім беретін мектебі «Жалын» фракциясы жүлделі 3-орындарды иеленді.

«Линкольн-Дуглас» форматында «Үздік спикер» номинациясын Қарағанды облыстық «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының оқушысы Қуантай Айша иеленді.

Сонымен қатар, «Жастар финалының» нәтижесіне келер болсақ, Шет ауданы Босаға ЖББ мектебі «Ақиқат» фракциясы 1-орынды, Осакаров ауданы, Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебі, «Жан рахаты үшін» фракциясы 2-орынды қанжығалады. Шахтинск қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейі «Шапағат» фракциясы мен Ақтоғай ауданы, «К.Байсейітова атындағы тірек мектебі» (ресурстық орталық), «А.З.У» фракциясы екі 3-ші орындардың жеңімпазы атанды.

Барлық қатысушылар мен жетекшілер диплом, сертификат, медальдармен марапатталды.

Д.Амангелдіұлы.

Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік қызмет... Былайша қарапайым болып көрінетін сөздің жауапкершілігі мен атқаратын қызметі өте қомақты болып келеді. «Халықтың қарғысын алма, алғысын ал» деген сөз бар қазақта. Мемлекеттік қызметтің басты қағидасы халыққа адал қызмет көрсету болып табылады. Аталмыш салада қызмет етіп

тұрмыстағы жүріс-тұрыстарының қалыптары регламенттелген мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бар. Істің басы-қасында жүрген әрбір тұлға сондағы талаптарды ұстанса, еліміздің іргесі биік болады. Мемлекеттік қызметшіге қойылар талап қатаң, оған сыншы да мол Әдепті, сабырлы да шыншыл әрі ұлтжанды

Мемлекеттік қызмет – адал еңбек

жүрген әрбір тұлға еліміздің мүддесі үшін адал еңбектің маңыздылығын ескеріп, сезінуі қажет. Сол сияқты, мемлекеттік қызметкер өз елінің ұлтжанды, жанашыр азаматы болғаны маңызды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен атқару барысында заңдылық, патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы жоғары болуы шарт. Дәл осы сөзге аталмыш жұмысқа деген жауапкершілік көрінеді. Осы орайда, мен мемлекеттік қызметкер көзімнен емес, қарапайым халық көзімнен талдасам, дәлірек айтқанда, мысал келтіре кетсем...

Елімізде мемлекеттік қызметті атқарушылар қай салада болмасын жауапкершілігі мол, тұлғасы кемелденген мамандар екендігін білеміз. Үнемі тиянақты еңбек пен ықпалдылықтың бейнесін танытатын мамандар өз ісінің көркем үлгісін танытатындай деп айтсам артық емес.

Бізде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары және мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен

қасиеттері мол азаматтардың мемлекеттік қызметті адал атқаруы еліміздің өркендеуіне зор үлес қосады, халық арасында мемлекеттік қызметшінің беделі нығайып, оған деген халықтың сенімі артады. Әкімшілікте жұмыс жасайтындар ғана мемлекеттік қызметші деген түсінік болмауы керек... Дәрігер, мұғалім, тіпті еден жуушы болсын, халықпен бірге жүргендіктен, әрқайсымыз жұмысымызға адал болсақ, оны тұтынушы қарапайым халық бақытты. Бірақ осылардың ішінде «мемлекеттік қызметші бір сағаты жоғары» болулары керек. Себебі, олар қоғамдық пікірді есепке алады және қоғамның басты өндіруші күші. Жұрт оларға сенім артады. Ал сол сенімді ақтау үшін мемлекеттік қызметші тындай және сөйлей білуі қажет және ең бастысы адал болуы керек. Сонда ғана Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуында нақты бір жетістікке жетеді. Мәртебесі артып, халқы биік белестерді бағындырады. Әрбір жетістікке жеткен жеке тұлғаның артында мықты мемлекет болатынын естен шығармасқа екен.

А.Асқаров,
Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің Қарағанды облысындағы
Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі.

Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі өте маңызды.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Олардың жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда, халықтың назарында.

Солсебепті, мемлекеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі қабылданды.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметші барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы қажет, сондай-ақ шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Еліне қызмет етуші маман өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті, Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі, мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да, мемлекеттік қызметшілердің моральдық

бет-бейнесі мен әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуі тиіс.

Ал бұл талаптардың сақталуын қарайтын институт Әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

Кеңес отырыстарында мемлекеттік қызмет заңнамалары мен Әдеп кодексінің сақтау, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарының алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Сондықтан, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатындығын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын есте сақтауы қажет.

Себебі, қоғам, мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал қызмет етеді деп сенді.

Р.Мұстафина,
Әдеп жөніндегі кеңестің
мүшесі, Қарағанды облыстық
прокуратурасының ардагерлер
ұйымының төрағасы.

Дін – бірліктің діңгегі

Радикал тұлғасы қалай қалыптасады?

«Мұсылман қандай ұстаздан білім алса да, ақылын іске қоспай алған ілім оны соқыр етуге «тақлид» жетелейді. Нәтижесінде, алғаны, білгені ақиқат болып көрінеді де, өзгемен санасуды білмей радикал болып шыққанын аңғармай қалады» деген пікірлер де бар.

«Дінді ғылымсыз (жалаң) үйреткендіктен! Өйткені діни мәселелерді ғылыми деңгейде (жан-жақты) қарастыруға ұстаздың да өресі жетпеген. Ал, догмалық, эмоциялық деңгейде үйретілген дін міндетті түрде радикализмге сүйейді» деген.

Радикалды көзқарастың бес түрлі шығу себебі, олар:

- біріншіден, радикализм ұғымына, шекарасына анықтама (жан-жақты) берілуі керек. Кейде бес уақыт намазын қаза қылмай оқитын адам басқа біреудің көзіне радикал болып көрінуі мүмкін;
- екіншіден, медресе білім бағдарламасының әдістемелік жетілуін қарау керек. Қазіргі талап, уақыт, кеңістік тұрғысынан;
- үшіншіден, адамдардың дінге келуіне уақыт тұрғысынан баға беру керек. Алғаш дінге бет бұрған кездерде, әсіресе, жастар қаттырақ болуы мүмкін;
- төртіншіден, дін мен қазіргі қоғамдық қатынастарда ұстаздың біліктілігіне талаптар болуы керек. Айтқаны дұрыс болуы мүмкін, бірақ уақыты келмеген болуы мүмкін. Сондықтан, дін саласындағы білім беруге мықты, өжет, мектепте маңдайалды болған жастарды тарту керек;
- бесіншіден, діни білім жалаң болмауы керек.

Саясаттан, мәдениеттен, тарихтан, дәстүрден хабары болмаған адам радикализмге бейім болады.

Сондықтан, дін мен ғылым қатар жүруі тиіс.

Радикализм белгілі бір көзқарасты бұлтартпай ұстану деген мағынаны білдіреді. Зерттеушілердің пікірінше, радикализм ұстанымы қалыптасқан қоғамдық дәстүр мен үрдістерді, көзқарас пен институтты өз идеологиясына қарай өзгертуге бағытталады. Қай дінде болсын діни радикалды идеологияның кез келген елдің қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, моральдық-рухани құндылықтарына, жалпы алғанда, қоғамның бірлігі мен ынтымағына төндіре қауіп зор. Ислам діні – барша халықты бірлікке, ынтымаққа шақырушы бейбітшілік діні. Өкінішке қарай, әлем сахнасында ислам, мұсылман атын жамылған лаңкестік ұйымдар мен топтар ислам дінін қолшоқпарға айналдыру үрдісі әзірге тоқтар емес. «Құдай сақтанса ғана сақтайды» деген ұстанымды естен шығармаған жөн секілді.

Радикализм: 1) жақтастары өмір сүріп отырған әлеуметтік-саяси жүйені сынға алатын және түбегейлі өзгерістер мен реформалардың жүргізілуін талап ететін саяси ағым; 2) қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талаптардың жүзеге асырылуы.

Әбіл Әсет,
аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Хабарландыру

Фермерлер үшін дизель отынының бағасы өзгеріссіз қалады: МӨЗ қақпасынан 1 тонна үшін – 222 мың теңге немесе 1 литр үшін – 184 теңге (немесе ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің (АШТӨ) операторларының шығыстарын ескере отырып, орта есеппен 1 литр үшін – 204 теңге).

Көктемгі дала жұмыстарына бекітілген көлем – 413 мың тонна, АШТӨ операторларына басым тәртіппен тиіп-жөнелтілетін болады. Мәселен, ақпан айында 82,1 мың тоннаның 77,4 тоннасы немесе 95,4%-ы, наурыз айында 102,2 мың тоннаның 78,4 тоннасы немесе 77%-ы тиіп-жөнелтілді.

Ең бастысы, өтінімдер, төлем және вагондар-цистерналар уақтылы беріліп отыруы тиіс.

Цена дизтоплива для фермеров остается прежней – 222 тыс. тенге/тонна или 184 тенге/литр на воротах НПЗ (или в среднем 204 тенге/литр с учетом расходов операторов СХТП).

Утвержденный объем на весенне-полевые работы – 413 тыс. тонн – будет в приоритетном порядке отгружен операторам СХТП.

Так, в феврале отгружено 77,4 из 82,1 тыс. тонн или 95,4 %, в марте – 78,4 из 102,2 тыс. тонн или 77 %.

Главное, чтобы вовремя подавались заявки, оплата и вагоны-цистерны.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, егемен еліміздің ертеңі. Сондықтан, Жаңа Қазақстанды құру ісінде өскелең ұрпақ айрықша орын алады. Тең мүмкіндік, әділдік, ашықтық ұғымдары ең алдымен жас буынның кедергісіз келешегін қалыптастыруға негізделген.

Сондықтан, қоғамның қозғаушы күшін бірінші кезекте жұмыспен қамту мәселесі Президенттің де назарында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бытырғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жастар мәселесіне айрықша тоқталып: «Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелер беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді» – деген болатын.

Биылдан бастап 100 мың жасқа жұмыс тауып, оларды еңбекке араластыру шаралары жүзеге асырылмақ. Кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіліп, жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелер беріледі. Президент пәрмен берген бұл жоба ауданымызда қалай жүзеге асуда? Биыл қанша жас кәсіпкер атанып, шаруасын дөңгелетер екен?

Бұл бойынша өңірде жасалып жатқан істер жайлы аудандық жұмыспен қамту орталығы басшысының міндетін атқарушы Гүлжазира Тиштыққызынан білген едік.

– Жастарға жеңілдетілген тәртіппен, жылдық өсімі 2,5 пайыздан аспайтын шағын несиелер беру Ұлттық жобаны жүзеге асырудың бір көрінісі. Әріне, жеңілдікпен берілетін 2,5 пайыздық шағын несиелер елдің бәрін бірдей беріле бермейді. Оның өзіндік талаптары мен шарттары бар. Яғни, аталмыш несиелер конкурстық негізде 21-35 жас аралығындағы жастарға беріледі. Конкурстық комиссияның шешімімен бизнес-жобалары үздік деп танылған үміткерлер микрокредит иегері атанады. Несиелер «Аграрлық несиелер» АҚ арқылы жүзеге асады.

Жастарды жарылқайтын жоба

«Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккер болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терен түсінуі керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.



Бизнес-жоспары үздік деп танылған жоба иелері халықты жұмыспен қамту орталығы және Аграрлық несиелер корпорациясымен арада микрокредит беру туралы шарт және кепіл шартын жасайды. Бұл келісім-шарттарда тараптардың жауапкершілігі, құқықтары мен міндеттері айқындалады. Келісім-шартқа сәйкес, Аграрлық несиелер корпорациясы кез келген уақытта қарыздың мақсатты және тиімді жұмсалып тексеру алады. Егер несиелер алушы қарызды қайтармаса, не алған қаржыны мақсатсыз жұмсама, ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайда кепілге қойылған мүлкінен айырылып қалуыңыз мүмкін. Мұны әрбір несиелер алушы жадында сақтауы тиіс.

Шағын несиелер 5 жылға, ал мал шаруашылығымен айналысатындарға 7 жылға дейінгі мерзіммен беріледі. Несиелері қайтару бойынша да жеңілдіктер қарастырылған. Яғни, жеңілдік кезеңі көзделген, ол шағын несиелер мерзімі ұзақтығының 1/3 аспайды. Демек, несиелері 7 жылға алсаңыз, қарызды қайтаруды тек 2 жыл 4 айдан кейін бастайсыз. Ал, егер несиелер 5 жылға, яғни 60 айға берілсе, жеңілдікті кезең 20 айды құрайды. Бұл несиелер алушының кәсібін дөңгелетіп, табыс тауып, несиелер қарызын еш қиындықсыз қайтаруына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілге (агентке) микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі бес жылдан аз кәсіпкерлер болу керек. Қарыз алушының өтінімі берудің алдындағы соңғы 2 жыл ішінде банктер мен қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелерді орындау бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы және кредит беруге өтінімі берілген күнге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы керек, – деді ол.

Құжаттарды тексеру уақыты өтінімі түскен күннен бастап 3 жұмыс күнін құрайды. Қажетті қағаздары сәйкес келмеген жағдайда себептері көрсетіліп, кері қайтарылады. Ал, барлық құжат ережеге сәйкес болса, 15 күн ішінде бағалау жүргізіліп, тиісті жұмыстар біткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде бизнес-жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның қарауына жолдайды.

Әдетте, қандай да бір несиелер алу үшін ең бірінші қажетті құжат жинай бастайсыз. Ол үшін де уақыт керек. Ал, бұл жоба бойынша қажетті құжаттар саны едәуір азайтылыпты.

Мамандардың айтуынша, құжат жинау барысында жастар қиындықтарға кезігуі мүмкін. Процедура 1,5 айға дейін созылатынын да еске салады. Сондықтан, жастар шыдамдылық, мақсатына жету жолында қажыр танытқаны жөн. Айта кетейік, биылға аудан көлемінде 9 адамға 45 млн теңге қаралуда. Аталмыш бағдарлама 2029 жылға дейін жалғасын табады деп күтілуде. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында айтылған болатын. Демек, жастардың кәсіп ашып, өз ісін дөңгелетіп өкетеуіне мүмкіндік мол.

Думан ҚАБЫЛ.

Дін – бірліктің діңгегі

Қазақ халқының салт-дәстүрі және ата-ананы сыйлау – өмірлік парызың

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Біздің халқымыз ұрпақтарына ғасырдан-ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым-тыйыммен тәрбиелеп, аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер де осы жол арқылы дарыған.

«Әке – асқар тау, шеше – қайнар бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» демекші, осы бір қарапайым мақалдың астарында терең ой жатыр. Әріне, мақал қысқа, алайда оның мағынасы шектесіз. Біз шыр етіп дүниелер есігін ашқаннан бастап ең алғаш рет алдымызға ана бейнесі келеді. Ананың құшағына енгеннен бастап-ақ кіп-кішкентай жүрегіміз ана жүрегімен бірге соға бастайды. Мейірілне құшақтап, «айналайын, балапаным» деген сөзімен өмірге әкелген сәбиін сол күннен бастап мейірім мен жылулыққа орай бастайды. Анадан соң сәбиін алғаш көрген әкенің сезімі қандай болатыны әкелерге ғана аян. Міне, қос жүректің лүпіліне тағы бір жүрек лүпілі қосылады. Енді өмірге келген сәбиін қалай тәрбиелеймін десе де өз еркі. Баланың жеке тұлға боп дамуына осы екі жанның, яғни әке мен ананың әсер ететіні даусыз. Қай ата-ана баласын жаман болсын дейді? Әріне, ешбір адам бұлай болғанын қаламайды да. Кішкентайынан түпсіздікке шоқтығын қанағаттыңа қактырмай, бар тапқанын баласының аузына тосатын ата-ананың қадірін әр бала біле ме? Кішкентайында барын салып, тәрбиелеп келген отбасында кейін қатал тасжүрек, мейірімсіз баланың өсіп шығатынына кімді кінәлаймыз. Иә, көбінде осындай баланың тәрбиесіне ата-анасы кінәлі деп жатамыз. Бірақ, шындығына келгенде, олай деп тон пішуіміз мүлдем дұрыс емес. Ата-ана Алла тағаладан «Е, Аллаһ, бала бер, бала берсең, сана бер» деп тілейді екен. Ал, мұның себебі неде? Ата-аналарының кішкентайынан «не кием, не ішем» демей, үнемі баршылықта өмір сүріп келе жатқан бозбалалардың ішінде қаншама бұзақы, қырсық, тілазарлар бар. Оның ең бірінші себебі, шамадан тыс еркелік деп толық айтуымызға болады. Соншама еркелетіп өсірген ата-анасына түк қайыры тиместен, ата-анасын далаға тастап, не болмаса қарттар үйіне өткізіп жатқандар ертеңгі күні екінші өмірде Алла тағала алдында өздерін қалай ақтап алар екен? Өткен, сондай қыз-бозбалаларды көріп ішін ашиды. Ата-анасына деген мейірімі жоқ нәткен тасжүрек еді деп қиналасың. Баланың жаман болып өсуіне тағы бір әсер ететін жайт – қоршаған ортасы, сол ортада үнемі байланыста жүретін достары. Қазіргі заманда жоғары дамыған ел қатарына қосылуды мақсат еткен елміз. Ата-анасы қарапайым болып келетін отбасындағы бала әлдеқайда жағдайы жоғары отбасының баласымен тең дәрежеде болмайды. Бірақ бір-бірінен қалысқысы келмейтін балалар бірінде бар нәрседен қымбат нәрсеге ие болғысы келеді. Ата-анасының жағдайына қарамастан «анау керек, мынау керек» деп бәлсінетіндер ата-анасы айтқанын тауып беруге міндетті деп есептейтіні өкінішті-ақ. Тек түсіне білетін саналы бала ғана алғашқы райынан тез қайтады. Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді.

Жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасында торығушылар, қаңғыбастар, «қызықты» әсерді іздеушілер өсіп шығады. Қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Қазіргі заманда баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлінген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке тарту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінізіп, бөйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу, т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішіні, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін үл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыру да оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған. Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен әжнін, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, баба, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан, отбасылық өмір – жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Н.Өміржанова,
Жастар ресурстық орталығының маманы.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ақтоғай ауданында 2023 жылғы I тоқсанда мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстар туралы

2023 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 1 млрд 647 млн 479 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 724 млн 653 мың теңгеге 730 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 160 млн 443 мың теңге.

Оның ішінде:

Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 164 мемлекеттік сатып алу 130 млн 243 мың теңгеге (ақпараттық есептеу орталығы, коммуналдық қызметтері, т.с.с.) жоспарланып, 115 млн 365 мың теңгеге 147 келісім-шартқа отырды;

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 1535 мемлекеттік сатып алулар 694 млн 530 мың теңгеге жоспарланып, 357 млн 911 мың теңгеге 500 келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алуларды бір көзден сатып алулары қосқанда);

Тауар биржасы арқылы 4 мемлекеттік сатып алу (мәдениет және тілдерді дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, Абай, Тасарал) 46 млн 518 мың теңгеге жоспарланды;

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы) 18 млн 732 мың теңгеге жоспарланып, 9 млн 804 мың теңгеге (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері) 4 сатып алу жарияланды;

Негіздемелік келісім бойынша (байланыс қызметі, интернет, жанар-жағармай сатып алу) 68 мемлекеттік сатып алулар 26 млн 765 мың теңгеге жоспарланып, 17 млн 325 мың теңгеге 63 келісім-шартқа отырды;

Тұрғын үй сатып алу 2 мемлекеттік сатып алу 15 млн теңгеге жоспарланып, 09.03.2023 жылы жарияланды, ашылу күні 09.04.2023 жыл;

Электрондық дүкен арқылы 13 мемлекеттік сатып алу 2 млн 376 мың теңгеге жоспарланып, 2 млн 325 мың теңгеге 12 келісім-шартқа отырды;

Конкурстар бойынша (ашық, біліктілікті алдын ала анықтау, рейтинг-балдық жүйе тәсілдері арқылы) 33 мемлекеттік сатып алу (оның ішінде аудандық ББӘ бойынша 25 конкурс, білім бөлімі бойынша 8 конкурс) 713 млн 315 мың теңгеге жоспарланып, барлығы 510 млн 567 мың теңгеге 24 конкурс жарияланып, 231 млн 727 мың теңгеге 8 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 43 млн 121 мың теңге.

Оның ішінде: аудандық бюджеттік бағдарлама әкімгерлері бойынша 386 млн 586 мың теңгеге 17 конкурс, 7 конкурс білім бөлімі бойынша 123 млн 982 мың теңгеге жарияланды.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеу жұмысы 76 млн 011 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырды.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті әкімдігінің ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмысы – 56 млн 250 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі А.Құнанбаев көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу жұмысы – 9 млн 449 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Ғарышкерлер көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 6 млн 324 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Ғарышкерлер көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ағымдағы жөндеу – 11 млн 374 мың теңгеге, Шашубай кентінде Сейфуллин көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ағымдағы жөндеу – 13 млн 803 мың теңгеге, Шашубай кентінде Сейфуллин

көшесіндегі №1 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ағымдағы жөндеу – 11 млн 082 мың теңгеге, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы "К.Байсейітова атындағы ЖББОМ базасындағы Тірек мектебі" КММ-не ағымдағы жөндеу жұмыстары – 30 млн 678 мың теңгеге, жылу қазандықтарын ағымдағы жөндеу («Ж.Ақбай атындағы ЖББОМ», «Абай орта мектебі», «С.Ибраев атындағы орта мектеп» КММ қазандығын шығару) – 53 млн 033 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №14 көпөтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 920 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Ынтымақ көшесіндегі үйлерді қоршау – 20 млн 446 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №10 көпөтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 920 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Мектеп көшесі, №17 көпөтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 920 мың теңгеге, Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимаратының сыртғын ағымдағы жөндеу – 7 млн 296 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №22 көпөтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 595 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы әкімі ғимаратын ағымдағы жөндеу – 1 млн 838 мың теңгеге, Шабанбай би әкімдігінің екі қабатты ғимаратының қасбетін ағымдағы жөндеу – 9 млн 074 мың теңгеге, Ортадересін ауылдық клубын ағымдағы жөндеу – 4 млн 325 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының жылу қазандығын қоршау – 5 млн 333 мың теңгеге, Абай ауылдық округі әкімдігінің ғимаратын қоршау жұмыстары – 7 млн 590 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратының қоршауларын орнатуға – 7 млн 287 мың теңгеге, Ортадересін әкімдігі ғимаратына қоршаулар орнату 12 млн 412 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылу үстінде.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Шабанбай би ауылдық округі, Шорин Шәріп көшесіне 25 дана көше шамдарын және 250кВа КТП орнату – 17 млн 110 мың теңгеге, Шабанбай би әкімдігі ғимараты алаңын абаттандыру – 5 млн 270 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ауласын абаттандыруға – 5 млн 580 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі, Елді мекен көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату – 14 млн 440 мың теңгеге, Сарышаған кентінде баскетбол-волейбол алаңын орнату бойынша жұмыстар – 12 млн 714 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Энергетик көшесі бойынша көше жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 9 млн 730 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесінде көше жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 19 млн 938 теңгеге, Шашубай кентінің С.Сейфуллин №1, Ғарышкерлер №2 көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс – 77 млн 349 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында электр беру желілерін ағымдағы жөндеу және КТП-0,4 жабдығын ауыстыру – 4 млн 200 мың теңгеге, «Алаш алаңы» қоршауларын ағымдағы жөндеу, орындықтар мен қоқыс төгетін темір жәшіктерді сырлау жұмыстары – 2 млн 656 мың теңгеге, "Менің жүрегім – Ақтоғай" конструкциясын ағымдағы жөндеу жұмыстары – 1 млн 964 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы темірбетонды қоршауларды сырлау жұмыстары – 2 млн 999 мың теңгеге, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне 18 баған орнату – 4 млн 951 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі Достық, Тәуелсіздік, Қоңырат, Бейбітшілік көшелері және Сәуле ауылындағы су айдау станциясына бейнебақылау орнату жұмыстары – 7 млн 521 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Достық көшесіне

30 баған КТП-мен орнату – 16 млн 625 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Тәуелсіздік көшесіне 10 баған орнату – 3 млн 392 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Ақтоғай ауданының 80 жылдығы көшесіне 10 баған орнату – 3 млн 392 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі, Елді мекен көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату – 14 млн 440 мың теңгеге, Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн 336 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша «Сарышаған мектеп-интернаты» КММ күрделі жөндеу бойынша ЖСҚ әзірлеу 6 млн 905 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырылды.

Коммуналдық сала және жолдар бойынша автомобиль жолдарын күтіп ұстау (Бектауата, Тасарал, Нарманбет-Айыртас, Құсақ ауылына кіреберіс жол, Абай, Қарасу, Ақтоғай-Ақжарық, Ақтоғай-Ақтас, Ақши ауылына кіреберіс жол, Балқаш-Саяқ, с.Ортадересін ауылына кіреберіс жол) – 88 млн 104 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының автомобиль жолдарын көшелерін және тротуарларын қардан тазарту жұмыстары – 16 млн 426 мың теңгеге, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне көтерме жол жасау 8 млн 036 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер, ноутбук сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары (Ө.Ермеков атындағы ЖББОМ күрделі жөндеуге) конкурстық рәсімдер жүргізіліп, бейнебақылау орнату жұмыстары бойынша жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Бөлімнің инстаграм парақшасы арқылы 2022 жылы атқарылған жұмыстар туралы 09 қаңтар 2023 жылы тікелей эфир өткізілді. 10 ақпан 2023 жылы бөлімнің ұйымдастыруымен «Эрудит Астана» оқыту орталығы мамандарының қатысуымен «2023 жылы мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына енгізілген өзгерістер» тақырыбында Ақтоғай ауылында семинар өткізіліп, 32 қатысушыға (ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандар) арнайы сертификаттар берілді.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырылады. Сонымен қатар, «Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 1 рет мақала жарияланды. Бюджеттік бағдарлама әкімгерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақтылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.

Тарих тағылымы

(Жалғасы. Басы газеттің №13-ші санында).

кей уақыттарда тағдырына сызат салған кездері ұмытылуға айналды...

Сері көңілді, қолы ашық әкеміздің өзі көрген қонақжайлығы туралы бір дерек. Бұл өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары болған жайт. Ол кездегі совхоздарда қоғамдық ұйымдардың жылдық есеп беру-сайлау жиналыстары күз айында өтетін. Мен ауданнан XXII партсъезд атындағы совхоздың нөмірі 1-ші фермасына өкілі ретінде осы шараға қатыстым. Қасымда совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы Мұқатаев Ағдарбек ағам бар. Жиналыстың соңы дау-дамайға ұласып, бәрімізді шаршатып, кеш аяқталды. Осыдан соң совхоз орталығына тез жету қиындау болатын сынайлы. Өйткені өзі тұң, ол кезде көтерме жол жоқ. Отыз шақырымдық совхоз орталығына өзен бойын қуалаған кедір-бұдырлы жолымен жүруіміз керек. Осы қиындықтан жасқанып, сол жердегі Моншекеннің үйіне

түйістен бір тұқымның қолға түсуі әбден мүмкін. Ал сол тұқымнан тараған болат тұяқтың бәрі жүйрік болмаса да, ішінен бірлі-жарымның құс тістейтін тұлпар атануы ықтимал. Тұқым қуалайтын тектілік осы нәсіл арқылы қанға даритын қасиет жан нәсінің бәріне ортақ. Халық ондайды: «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады» деп айтады.

Естуімізше, аудан халқының мерейін асырып, атағын дабырайтқан Моншекеннің осы көк айғырының иесіне әкелген қуанышы мен өкініші бірдей болған сынайлы. Бір жолы аудан басында өткен тойға әкелген көк айғырды түнгі мезгілде бабам Қарамеңде би басына тақау апарып, өзен жиегіне оттатып әкелгені үлкен сөзге айналып, балуанға саяси айып болып тағылады. Қудалауға ұрынады. Ел басқару ісін төмендетіліп, партия комитеті тарапынан «дінге сенуші», «әруаққа түнеуші» деген шала байланады. Бәйге атын баптауды ескілік көрінісі ретінде қабылдап, одан саяси астар іздеу бүгінгі

бюродан шыққан сон:

– Әйе (Моншекенді солай атайтынбыз), жазаланғаннан сауымысыздар ма? – дедім.

– Аманбыз, маған қандай жаза бермекші? Үкіметті өзіміз орнаттық. Қиын кезде халықпен бірге болдық, хал-қадірмізше қызмет жасадық. Зейнетақымызды қысқартып тастау қолдарынан келе қоймас, – деп күлді.

– Енді неге шақырған? Не сұрады? – дедім.

– Бірінші хатшы Шайдаровтың маған бар айтқаны: «Ақсақал жылқы алғанда бір биенің мойнынан құшақтап жылапсыз деп естідім. Оныңыз не?» – деді. Мен: «Құдай жылатпасын, шырағым, бұдан да жаман күнімде мал үшін көзіме жас алған емеспін. Жылқыжанды екенім рас. Бәйге аттар ұстап, баптадым. Жүйрік ат – ердің меншігі емес, елдің меншігі ғой. Малды жан үшін, жанды ар үшін сақтайды. Осы уақытқа дейін арыма дақ түсірмеген адаммын. Естігеніңіз бекер сөз», – дедім. Сөз осымен тынды. Ұлтанбектің



Елдің атын ер шығарады

барып демалмақшы болдық. Келдік. Есікті өзі ашып, аман-саулық сұраған соң: «Әй, Шортан, Тілуқабыл, Клара, тұрындар, үйге қонақтар келді», – деп оларды оятты. Іле-шала: «Тілуқабыл, семіз бөрте серкешті білесің ғой, соны сой», – деп бұйырды.

Төрге оздық, дастархан жайылып ортаға қымыз келді. Тостағандарға қымыз құйып қолымызға ұстатып: «Әй, келгендерің қандай онды болды. Інірде оң қабағым тартып еді. Сөздердің келулерінің қуанышы екен ғой. Сыртқа шығып, ауыл адамдарымен тілдеспегеніме 3-4 күндей болған. Бір мезгіл желпініп, әңгіме дүкен құрмасам, құрысып қалам», – деп барып домбыраға қол созды. Әңгімелей отырып өзінің зор дауысымен бірнеше ән орындады. Ұйқымыз ашылып, шаршағанымыз басылды. Балуанның тарихи сөздері мен серпілте көтерілген ән-күйін рухымыз байып қалғандай сезімге бөлендік. Сан қырлы өнер иесінің осы кейпінен «құймақұлақ» тыңдаушыларды аңсайды екен-ау деп ой түйдік. Сонымен бірге, кеудесі кең, алақаны ашық, елжанды әкемізге таңданыста болдық.

Моншекеннің тағы бір ерекшелігі, тұлпарды тұяғынан танытын бапкер сыншылығында болса керек. Кезінде Қарқаралы, Қоңырат аудандары мен Балқаш өңірінде өткен дүбірлі тойлар мен түрлі мерекелерде жүзде алған көк айғыры болғанын көзі көрген үлкендер мақтана баяндар еді. Моншекеннің осы көк айғыры Нарманбет ақынның інісі Алдаберлімен қағысында айтылатын: «...Кернейдің ас бергені Алтын-сандық, Құдай берсе, бәйгенің алдын алдық», – деп келтіретін 1908 жылы Ақшатау жеріндегі Бөкшені – Байқасқа бұлағында өткен Түйте Кейкінің асында бәйгеден көзкөрім қашықтықта оза шауып, үздік келген Ерменбет балуанның көк айғырының тұқымы делінеді. Бұл деректер қисынды. Өйткені, Моншекеннің бәйбішесі Шортан Ерменбет балуанмен бірге туған Ердембектің нөмересі. Ағайын, құдандалы-жекежат арасындағы ауыс-

жастарға сенімсіздеу көрінер. Бірақ, бұл – шындық.

* * *

Сері көңілді, жылқыжандылығы үшін кейінде жазықсыз жаны ауырған жайларына мәнін өзім де қуәгермін. Бұл 100 саулықтан 100 қозы алу, жүн, ет, сүт, тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін артығымен өндіру қажет деген желеумен жүргізілген асырасілтеушілік кезінде, нақтылай айтсақ, 13 жылға созылған «ақтоғайлық көмпескенің» басталған – 1968 жылдың жазы еді.

Журналист Қасым Орынбетовше айтсақ: «Ат бауырынан қан ағызған» мезгіл еді. Осы кіші көмпеске жыл сайын екі мезгілді қамтитын. Біріншісі – июнь, июль аралары болса, екіншісі – октябрь, ноябрь айларында қайталанатын. Ауданды басқарушы басшылардың қосымша жоспар қабылдап, жоғарғы орындар тарапынан тағы да алғыс-мақтау алу мақсатынан туындайтын.

«Жеке меншіктің малын санамақшы екен, ауданнан көп комиссия шықпақшы, артық малды берсе қолынан, бермесе жолынан алады-мыс» деген сыбыс сөз тарап, Қарасу-Нарманбет ауылы бойына жетеді. Осыдан сескенген бізбен аталас, атакты шопан Үмітбектің әкесі, Сұлтанбектің туған інісі Ұлтанбек ақсақал бар жылқысын елсіз, сусыз Табақ, Саяқ жаққа қуып кетіп, шөлден ұшып көз жұмды. Сыбыс шындыққа айналып, іле-шала ферма орталығына қамалған артық малдың ішінен Моншекеннің де біраз жылқысы алынып, ет комбинатына жөнелтіледі. Бір ай мөлшері өткен соң, ет жинаудың қорытындысы аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралып, комиссия мүшелерінің жұмысына баға беріледі. «Наразылық білдірді» деген сылтаумен мал иелерінің біразы бюроға шақырылып, ескертпе, бопсалар жасалды. Сол бюроға Моншекенмен бірге баласы Тілуқабыл да келіп қатысты. Олар

өлімін дабырайтып әкете ме деп, менен қауіптенсе ме деймін. Сақтық шараларымен ойластырып жасалған тамыр басып көру ғой. Жасап отырғандары – зорлық, асыра сілтеушілік. Тура 1928-29 жылдардың шолақбелсенділерінің ісі. Өткен, Тілуқабылдың алдына көлдәң тұра ма деп қауіптенемін. Әйтпесе, Мәскеуге дейін кууға болар еді, – деп ауыр күрсінді.

* * *

Жалпы, елге жасалған шапағаттың да, қиянаттың да өзінмен бірге көрге кетпейтінін ақиқат деп танысақ, эпик ақын Кенішбай, Моншекеннің өзімен тұстас аяулы әкелеріміз Телібаев Токбергел, Әбдіқалықов Әйнек, Шомақбаев Сейдіғазым, Жақсыбеков Мәли, Әбділдин Адамия, Ахметов Әшімхан, Алдабергенов Ақантай және Әмірханов Қазқандердің Ұлы Отан соғысы жылдары Отан қорғау қорына заем арқылы сан мыңдаған ақша, бір самолет, 9 танк құнын қосқанын бүгінгі күні еске алмасқа болмайтын жайт. Мұны қарапайым ауыл адамдарының жеріне, еліне, ұрпақтарына деген үлкен сүйіспеншілігінен бастау алған, Отан-Ананы қастерлеудің символдық сипатын беретін ерекше құбылыс деп қабылдаған орындар. Көпұлтты Кеңес елінің Отан соғысындағы Ұлы Женісі – тұтаса қимылдаған бірліктің, темірдей тәртіптің, жымдаса қиоласқан тірліктің, ұлы достықтың арқасы. Қорға ақша аударуды бірі бастап, екіншісінің қолтауы ынтымақ-бірліктерінің жарасып, бірін-бірі қадір тұтып, сөздерін жерге тастамауынан шығар.

Бұл – ұлы Шыңғыс Айтматов айтқандай, «Тұтас халықтардың достығы жеке адамдардың байланысынан құралады» деген анықтамасының дәлелі болса керек.

* * *

Моншекеннің балуандығы жөнінде көп айтылғанымен, қолдағы дерек тек өз аузынан естілген екі белдесуі ғана. Оның өзі ұстасқан екі балуанның бірі жығып,

бірі жығылар сәттің шағын көріністері ғана емес, түсінген адамға кісілік пен кішілікті, сыйлау мен қинаудың ара-жігін ажыратар ұлағатқа толы өңгелі іс екенін аңғартар еді.

Отызыншы жылдардың соңынан елуінші жылдардың аяғына дейін Шет, Қу, Қоңырат және Қарқаралы аудандарындағы ауылдық Кеңес пен колхоз басқармасының төрағаларына арналған қысқа мерзімді білім жетілдіру курстары Қарқаралы қаласында өтеді екен. Осындай курсқа бір жолы аудан көлемінен де бірталай басшылар қатысыпты. Бұл шамамен 1949-50 жылдар болса керек. Ішінде Моншекеннің өзі де бар. Тыңдаушылар қалада болатын республикалық көлемдегі өтетін үлкен тойдың қарсаңына тап келеді. Осы тойда Моншекен курске қатысып, бас жүлдені иеленеді. Оны өзі былай деп еске алушы еді:

– Той басқару тәртібіне орай ақындар айтысы, түрлі ұлттық ойындар өтіп, кезек балуандар күресіне келді. Алқақотан отырған жұрттың ортасына шыққан дәмелі балуандар шешіне бастады. Түйебалуандыққа беліне белбеуін байлап, жеңілдеген ашан, қапсағай дәмелі, бойы менің бойымнан бір-біржарым қарыстай биік, шокша сақалды, бұрылбас, қартаңдау тартып қалған адам шықты (атын ұмыттым). Бұл республикалық жарыстарға бірнеше дүркін қатысқан, чемпиондық атақты жеңіп алған әйгілі балуан екен. Той жарысының бірнеше дүркін хабарлап, шақыртқы жасағанымен, оған қарсы белдесуге белсеніп ешкім шыға қоймады.

Дабыр-дүбір көбейіп, бас жүлдені балуанға «шаппай беруге» айналды. Мені білетін қарқаралылық біраз азаматтар: «Қоңыраттық Моншақбай қайда, Моншақбай?», – деп іздестіріп, дауыстай бастады. «Шешініп шыққан соң, кіммен болса да ұстасқаны жөн. «Шаппай беруге» қарсымыз», – деп көп ішінен мені тауып, кимелей соғып, ортаға алып шықты. Шындығын айтсам, сол жолғы күреске шығамын деген ниет жоқ еді. Аздап науқастаныпқырап, кірбеп тартып

(Жалғасы 7-бетте).

жүргенмін. Әмбе қарсыласым бүкіл қазақ елінің бетке ұстар балуандарын шетінен тізе бүктірген, чемпион атанған таудай түйебалуан. Ортаға шығып қалған соң, делебең қозып, қаның қызбай ма?! Бірақ, арбасып, ұстасар тұста сақалына көзім түсіп:

– Е, аға екенсің-ау. Жағана қол созғаным әбестік болмай ма, ұстаспай-ақ шегініп кетіп жолын берсем бе екен?! Жоқ, мен суырылып шықпадым ғой, көп тілеулі, халық талабымен ұстаспақшымын, – деген сансапалақ ой қас-қағым сәтте миымды тілгілеп өтті. Ұрыста тұрыс жоқ. Әрі-бері аңдысып, сарт-сұрт қол айкастырғаннан соң-ақ бойымдағы жаңағы күдік тарап, белсеніп алдым. Ынғайы келген бір сәтте көтеріп алып тастап жібердім. Шалқайта жығып, қос жауырынын жерге баса бергенімде, көзім тағы да сақалына түсті. Жығуын жықтым ғой, сақалды басынан аттағаным күпірлік болар деген оймен «Аға, белдесудің шарты – не жығу, не жығылу ғой, бір жеріңіз ауырып қалған жоқ па?», – деп қолтығынан демеп тұрғыздым. Үсті-басын қағып болған соң:

– Қасиетіңнен айналайын, Қарамеңде әулиенің ұрпағы екенсің, күші басым жігітке ақ жол тілеу жөн болар. Үлкендігімді, сақалымды сыйлап, басымнан аттамадың. Жығылып жатқанымда демеп тұрғызғаныңа рахмет, – дей келіп, кірпік қақпас шапшаңдықпен таудай мені бала құрлы көрмей, лып еткізіп, екі алақанына көлденең салып, көтеріп алды. Алқа-қотан отырған топтың ішкі жағын айнала келіп, өзімді ұстасқан алғашқы жерге екі аяғымды топ еткізіп, орныма қойды. Сөйтті де: «Бауырым, батамды берейін, тізеңді бүк», – деп барып, батасын шұбыртты... Осы бір кездесуді, осы бір көріністі одан кейінгі өткен белдесулерде есіме жиі алып, тәубеге келіп жүрдім. Жалпы, жығылған балуанның басынан қарсыласының аттап өтуі – қазақы күресте бұрыннан бар, қалыптасқан дағды. Бұл қарсыласының сағын сындыру, өзінің пендешілігінді әйгілеу деп ұғып, қарқаралылық ағамнан бата алғаннан кейін мен бұдан бас тарттым. Бір-ақ рет осы әдептен аттауға тура келді», – деп бөгеліп барып қоныр домбырасына қол созды. Өзі салып отырған әндердің ырғағына беріліп, тербеле барып тоқтап, әңгімесін қайыра жалғастырды.

– Ұлы Жәніснің бір жылдығына орай мереке аудан орталығы Ақтоғайда 1946 жылдың 9 мамыр күні өтпекші болып

белгіленді. Қалыптасқан дағды бойынша бар мүмкіндік қарастырылып, аудан шаруашылықтары тойға қал-қадірінше тарту-таралғыммен келді. Бұл соғыстан кейінгі халықтың алғашқы қуанышы. Анау-мынау емес, Ұлы Жәністің құрметіне арналған той. Елдің аз да болса ес жиып қалған кезі. Көк айғырды бөйгеге қосып, бас балуандыққа өзім шықтым. Менің бұл белдесуім өкінішпен аяқталды. Шешініп күрес алаңына шыққанда: «Моншакбайға мен шығамын, мен шығамын», – деп басқа балуандардан бұрын бір бауырым жұлқына ұмтылып, төрешілер алқасына, яғни той басқарушылардың алдына барды. Олар оның жас мөлшерін, салмағының маған сай келмейтінін ескертіп, бас балуандыққа түсуге келісімдерін бермеді. Даурығып болмаған соң үлкендердің: «Мына шіркін не деп тұр? Ұят-тағы! Өз теңіңмен ұстасаншы. «Тобықтының екі баласы бірінің жағасынан бірі алыпты» деген сөзге қаламыз ғой» – дегеніне де болмады.

Өзі соғыстан өткен жылы оралған, орден-медалдарын жарқыратып, әскери киіммен келген – Қаржаубай. Оның балуан екенін бұрыннан білетінмін. Түр-тұлғасы нағыз жігіттік сымбатқа толатын ерлік кейіпке сай, дембелше келген кең иықты, төртбақ қара торы азамат. Дені бітімінен кемшілік табу мүмкін емес. «Еңлік-Кебектегі» Шәкәрім жырлаған Кебектің кейіпін дөп келер түрі бар. Бірақ той иелері мен үлкендердің тілін алмай, өрепқуін іштей ұната қоймадым. Сөйтіп тұрғанда алдыма келіп: «Мен сенімен қайтсем де күресемін. Мыналардың айтып тұрғаны не сөз?..» – деді көзі ежірейіп.

– Сен менің баламдай жігітсің. Ертеректе әкеңмен белдескенмін. Бүгін әкелі-балалы болып, жұрт алдында тарпайысып жатқанымыз ұят болады, – деп үлкендігімді білдірдім. Тындайтын емес. «Күш атасын танымас деген бар, кім болса да ұстасамын», – деп тарпайысуға ниет жасап ұмтылып болмаған соң, комиссия мүшелері екеуіміздің белдесуімізге рұқсат жасады. Балуандық дүлей күш буып жіберді ме, асқақтап астам сөйлегені ашуымды кетірді ме, ол арасын шамалап жатпадым. Қарсы келген бетте тапжылтпай екі иығынан басып тұрып, оң қолымның бас бармағын бұғанасының шұңқырына батырып қағып қалғанда, сол жақ бұғанасының басы шошаң етіп, өзі шалқалай құлады. «Ажалды киік адырға жайылар» деген осы болар, жігітім» – деп басынан аттадым. Белдесудің елді

сүйсіндірер сәнімен, ежелден қалыптасқан өзіндік дәстүр-салтымен өтпеген күреске өз басым риза болған емеспін», – дей келе, сөзін аяқтады.

Енді кейіннен Нарманбетұлы Максұт пен інісі Ерменбетұлы Сәметке арналған жинақты өзірлеу барысында Нарманбеттің туған інісі Тілеуберді баласы Зәйт ақсақал айтып берген деректерді келтірсем:

– 1928-ші жылы Октябрінің 11 жылдығы қарсаңында Қонырат руднигін Русаков ашып жатқанда екі той қатар келді. Мереке Ортадересінде өтпекші болып белгіленіпті. Тойға өзім де қатыстым. Осы жиынға қасына ерткен 10 шақты адамдары бар Максұт ағатайым да келді. Рудниктен Оспанов, Смақов, Есмақай, т.б. көптеген жұмысшы орыстар да болды. Той өтер жерге көптеген қазақы үйлер тігіліпті. Ақтоғай жерінен Сәулебек, Сатаң, Өтегеновтер бастаған қонақтар келді. Той ашылысымен бірінші болып Мақан, одан кейін Шашубай, Кенішбай, Әшірмбет құттықтау өлеңдерін айтты. Ат шауып, балуандар белдесті. Тойға Қарқаралыдан Абрайдың баласы Әшікейді жыққан бір балуан келді деп көпшіліктің дабырайта айтқан сөздерін естідік. Сол балуан ортаға шығысымен: «Темір болса да көремін. Екі жеңін киіндіріп әкеліндер», – деп өректігенмен, Моншакбайдан жығылып, сағы сынып қалды. Бөйгеден Моншакбайдың қоныр аты – бірінші, Қалиасқардың буырлы аты – екінші, бораншы Сатанның сұр аты үшінші болып келді...

* * *

Өнерпаздық жолы мен адами бейнесі, болмыс-бітімі кез келген әдеби-тарихи туындыға арқау боларлық Моншекен дара тұлға ретінде қалыптасып, таза күйінде өмірден өтті. Ел махаббатына бөленіп, Балуан Шолақ кейінде оны білетіндердің жадында сақталды. Артында қалған ұрпақтары – Әбілқайыр бастаған нәмерелері аталарының рухын еске алып, 2002-ші жылы 3-ші тамызда балуанның туғанына 100 жыл толуына орай үлкен ас берді. Сондай-ақ, 2006-шы жылдың 15-ші шілдесінде Қарамеңде бабамыздың көңге ұлы Дүйсеке биге де ас беріп, Қусак бойындағы ескі бейітін жанартып, қорған соқты. Басына құлпытас қойды. 2007-ші жылдың қыркүйек айының 25-26-шы күндерінде өткен Қарекен бабамыздың 300 жылдығы алды ғылыми конференция, арты дүбірлі той-асқа ұласты. Бұл – ата сыйлаудың, әруақ, рухты қастерлеудің жақсы нышаны.

Жоғарыда келтіргеніміздей, Моншекен сияқты біртуар ел перзенттерін еске алу аталып өтетін бір-екі күндік той қызығымен шектелмекші ме деген күдік көңілдегі өртүрлі үмітті ойларға жетелейді. Ол – есімін жиі еске алатын тарихи жаққа айналдырарлық шара керек деген ой. Ол – көше, түрлі мәдени-спорттық мекемелер мен саябақтардың біріне балуан атын берсе екен деген тілек. Нақтылай айтсақ, Ақтоғайдағы спорт мектебінің аты осы Моншекен есіміне лайық деп білеміз.

Бұл ұсыныс 2007 жылдан бері қолдау таппай келеді.

**Аманкелді Тұғанбай,
нарманбеттанушы,
Қарағанды қаласы.**

**Абзал БӨКЕН,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының
лауреаты.**

МЫҚТЫ

(Қарамеңде билің ұрпағы, жауырыны жерге тимеген балуан Моншакбай Жантулақовтың рухына)

Ат мінген ердің қасын алтындатып,
Ақ үйде қымыз ішкен салқындатып.
Алаштың хас батыры, таспа тілі –
Моншакбай Жантулақов.

Өмірдің өткелінен асты алуан,
Су емес, саумал аққан астауынан.
Иісі қазағының иықты ері,
Қонырат ауданында Бас балуан.

Өзі мәрт, өзі жомарт, жұмақ қырдаң,
Жайлау мен қыстауына тұрақ қылған.
«Соғыста жауды жайпар танкке», – деп,
Бір қоржын қаражатын лақтырған.

Дегендей билікте де қалма қапы,
Басқарма, ауыл кеңес – алған аты.
Шамданса қара тасты қақ айырған,
Шақаның шарға ұстаған шарболаты.

Халқының кеу-кеулеген үгіті ұрып,
Күшейсе, тікірейген түгі тұрып.
Кезінде қырқа шалған қарсыластың,
Кететін жіліншігі үгітіліп.

Қалдырған ұрпағына ала бер, – деп,
Қазына-қасиетті салады өрнек.
Секілді Қажымұқандай қай кезде де,
Моншекен мықты болып қала бермек.

Қоқыс жазуға – айыппұл!

Тазалық жұмыстарын өткізу кезінде көшелер мен аулаларда қалдықтар мен қоқыстар жағылуы мүмкін. Жанған қоқысқа салғырт қарау себепті жақын орналасқан тұрғын үйлерге және қоршаған ортаға тілсіз жаудың орасан зор шығын алып келуі өбден мүмкін. Осы орайда, аула және көше тазарту кезіндегі сақталуға тиісті қарапайым өрт қауіпсіздігі шараларын естеріңізге салайық. Яғни, көше бойындағы жиналған қоқыстарды жинап қойып, өртемеген дұрыс. Себебі, жиналған қоқыс арнайы автокөліктердің көмегімен тиісті орындарға шығарылады. Тұрғын үй ауласын тазарту жұмыстарын жүргізу барысында қоқыс қалдықтарын бақылаусыз өртемеген абзал. Қоқысты жанғыш заттарға жақын жинап, ауа райының желді күндері жағуға тыйым салынады. Аулаға жиналған қоқысты жағу кезінде ғимараттар мен тұрғын үйлерден ара қашықтықты сақтап (50 метрден кем емес), аулаға жиналған қоқысты өрттемес бұрын жақын және қолжетімді жерге ыдыстарға су құйып қою керек.

Ескертеміз! 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 336-бабында көрсетілгендей, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін жеке тұлғаларға – жиырма (69 мың теңге), лауазымды адамдарға – елу (172 мың 500 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз (690 мың теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз (1 млн 35 мың теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз (1 млн 725 мың теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары! Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар! Сіз өзіңізді, жақындарыңызды, көршілеріңізді және еліңізді төтенше жағдайдан қорғаңыз!

Ақтоғай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

11 қараша 2022 жылы **Сатвалдинов Бориболсын Мукатаевич** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы **Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға**, Ақтоғай ауылы, **Ө.Бөкейхан көшесі**, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.
Тел.: 8 705 832 83 06.

«С.Ибраев атындағы негізгі орта мектебі» КММ-нің ұжымы мектептің оқу ісінің меңгерушісі **Қарлығаш Есенгелдіқызына** анасы **Рымтайдың**, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі **Балжан Рахымжановаға** ағасы **Бауыржанның** қайтыс болуларына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу

Жидебай ауылының тумасы, сүйікті нағашым **Толубайұлы Санаттың** 2023 жылдың 31 наурызында өмірден өткеніне бір жыл толды. Бәйтеректей әулетіне сая болған, бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,



ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, жатқан шығар, рухыңмен қауышып. Уақыт емші десек те, біздің көңілімізде, жүрегімізде асыл бейнең сақталған. Қолдан келер қайран жоқ, бір Алладан медеу тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз.

Мейіріммен жымыған күлкіңізді, Еске алып, мәңгілікке сағынамыз. Жатқан жерің, жайлы болсын, нағашы, Сәуле шашып тұрсыншы қабірінде.

Еске алушы: жинің – Нүргелді, апан – Шәмшия, келің – Индира.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауданы Қаратал ауылында (бұрынғы Калинин бөлімшесі) 1969 жылы Калинин мектебінен 8-сыныпты бірге бітірген достары. Сыныптас достары құттықтай отырып мына өлең шумақтарын арнайды.

Құрметті достарымыз Қазақбаев Серік, Омарбаев Орал!

Сендерді 70 жасқа толған мерейтойларыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Дендеріңе саулық, отбастарыңа бақыт, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілейміз.

Тай-құлындай тебісіп бірге өскен,
Балалықтың қызығын бірге кешкен.
Бүгін, міне, келіпті қатарлас құрдастарға,
Жетпіс деген ауылдың көпі көшкен.
Күнделікті несібесін әркімдер өзі теріп,
Досқа десе аңқылдап бірге бөліп,
Келіп қалғты бұл күнде Орал, Серік,
Жетпіс жастың белесті төріне еріп.
Аман болсын құрдастар, бастарыңыз,
Ағарғанмен ақ қырау шаштарыңыз,
Немереден шөберелер көріңіздер,
Ортамызда жүзге келіп жастарыңыз.

Құттықтаушылар: Ақтоғай ауданы, Қаратал ауылы сыныптас достарың – Дайыр, Райхан, Мұрат-Әлия, Күлғайша, Сағат-Назгүл, Тілеубай-Көксай.

Өлеңді жазған: Серік Айғалиев.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі құдағиымыз **Бақтыгүл Ескелдіқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Уақыт – ешкім тоқтата алмайтын алып кеме. Сол кемелің жүрісімен сіз де өмір толқындарымен араласа жүріп алпысыншы баспалдаққа да аяқ

басып отырсыз. Қазақта алпысты талтүс демей ме? Ендеше, сол шағыңызда Тәңірдің шапағаты төгіліп, ғұмырыңыз салтанатты болғай. Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзағынан болсын. Тағдырдың тартқан сыйы – ордалы отбасыңызда тамырын тереңге жайған бәйтеректей құдамыз Қайрекең екеуіңіз балаларыңыз бен немерелеріңіздің жақсылықтарына куә болып, тілеулес жандардың арасында беделіңіз артып, ырыс-несібеңіз молай берсін.

Жанұядан кетпесін асыл арай,
Көгіңізден ойнасын шаттық шырай.
Ұрпақтарың өсіп-өнген, аман болып,
Армандардан орнатсын алтын сарай.

Игі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Жанат-Нәстай.

Қазақстан-2050: агроөнеркәсіп кешені

2023 жылға Ақтоғай ауданы бойынша Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды 2023 жылдың 5 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан бойынша жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-З/269 бұйрығымен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларына және де Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №4-З/421 бұйрығымен бекітілген «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың машиналарын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу жүргізіледі.

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды және жай-күйіне әсер ететін бұзылулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Жылына бір рет техникалық қарап-тексеруге жеке және заңды тұлғалардың иелігіндегі және жергілікті атқарушы органда «Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жатады.

Шығарылғанына үш жыл толмаған жаңа машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы үш жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйін тексермей жүргізіледі.

1) Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде машиналарды техникалық байқаудан өткізуге асыру үшін заңды және жеке тұлғалар мынадай құжаттар ұсынады:

- жеке тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі);
- нысан бойынша өтінішті;
- машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);
- заңды тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі);
- нысан бойынша өтінішті;

– машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);

– нысан бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер.

2) Портал арқылы жүгінген кезде:

- электрондық құжат нысанында өтініш;
- машинаны тіркеу құжатының (техникалық паспорттың) электрондық көшірмесі.

Техникалық қарап-тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспортына) «Ақаусыз» деген жазу жазылады, ал техникалық қарап-тексеруден өтпеген машиналарға «Ақаулы» деген жазу жазылады, ол ЖАО инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады.

Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 айдан астам мерзімге шыққан машиналар, уақытша болған жерінде техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсынылады.

Техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін машиналар техникалық қарап-тексеруден өтпеген болып саналады.

Қосымша ақпарат алумен машинаны техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін «Ақтоғай ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауыл шаруашылығы бөліміне мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан 10Г, тел.: 8 (710-37) 2-18-95, тел./факс 8 (710-37) 2-18-95. Ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Күземханов Талғатбек Кәукербекұлы.

Осы Ережеге сәйкес Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі бас маманының 2023 жылғы ауылшаруашылық техникаларын кезекті техникалық байқаудан өткізу кестесі назарларыңызға ұсынылады:

№	Ауылдық округтердің атауы	Техникалық байқаудың өту кестесі
1	Кежек	15.05.-16.05. 2023 жыл
2	Жидебай	17.05.-18.05. 2023 жыл
3	Қараменде би	22.05.-23.05. 2023 жыл
4	Қызыларай	24.05.-25.05. 2023 жыл
5	Шабанбай би	26.05.-27.05. 2023 жыл
6	Сарытерек	29.05.-30.05. 2023 жыл
7	Нүркен	31.05.-01.06. 2023 жыл
8	Абай	05.06.-06.06. 2023 жыл
9	Қусақ	07.06.-08.06. 2023 жыл
10	Айыртас	09.06.-10.06. 2023 жыл
11	Қарабұлақ	12.06.-13.06. 2023 жыл
12	Ортадересін	14.06. 2023 жыл
13	Тасарал	15.06. 2023 жыл
14	Сарышаған	16.06. 2023 жыл
15	Тораңғалық	17.06. 2023 жыл
16	Шапубай	17.06. 2023 жыл
17	Ақтоғай	21.06.-23.06. 2023 жыл

Т.Күземханов,

Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

